

ӘӨЖ 75.03

Қазақстан бейнелеу өнерінің даму кезеңдері

Түсіпбекова Шолпан Мұқаметқанқызы

аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақстандық бейнелеу өнері мәселесі қарастырылады, Қазақстан бейнелеу өнері дамуындағы әр түрлі кезеңдер зерттеледі, сонымен бірге оның өзіне тән ерекшеліктері қарастырылады.

Кілт сөздер: *Қазақстан бейнелеу өнері, бейнелеу өнерінің дамуы.*

Аннотация. В данной статье рассматриваются проблемы казахстанского изобразительного искусства, исследуются различные периоды в развитии изобразительного искусства Казахстана, а также выделяются его специфические особенности.

Ключевые слова: *изобразительное искусство Казахстана, развитие изобразительного искусства.*

Abstract. This article deals with the problems of Kazakh fine arts, explores the various periods in the development of fine arts of Kazakhstan, as well as highlighted its specific features.

Key Words: *fine arts of Kazakhstan, development of fine arts.*

Бүгінгі таңда мемлекет тәуелсіздігін нық ұстау мақсатында жүргізіліп жатқан рухани шараларға қатысты ұлттық философия мен мәдениеттің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туып, кеңінен жол ашылуда. Оған Республика президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Тарихи құндылықтарымызды барынша зерттеу мен қайта қалпына келтіру, сақтауға, зерттеуге мән беріп, өткен тарихымызды ұрпаққа жеткізуіміз керек. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу—бұл әрине оң процесс. Қазақстанда ұлттық тілді, өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отырғандығын айғақтайды. Қазақ бейнелеу өнері бір адам ғұмырына ғана жетерлік өте аз мерзімде өзгеру, өсу кезеңінен халықаралық ілтипатқа бөлену шағына дейін бүкіл даму сатыларынан өтті [1].

Адамды адам етіп, ұлтты ұлт ететін – рухани байлық. Рухани байлықтың қайнар көзі өнерде. Көненің көзін бүгінгі ұрпаққа мұра еткен, сонау ерте кезден ата-бабаларымызбен бірге біте қайнасып келе жатқан, қазақ халқымыздың, ұлтымыздың бейнелеу өнері бүгінгі жаһандану заманында өскелең ұрпаққа берері мол алтын қазына десек артық айтпаймыз. Бейнелеу өнерінің адамзатқа сыйлар рухани байлығы ұлан ғайыр. Бізге дейін келіп жеткен тарих тереңіне

үніліп, бағзы заман деректеріне көз жүгіртсек, тым арғы замандағы жазудың тегі суреттен басталғанын білеміз. Сурет жазуы алғашқы қауымдық дәуірде пайда болып, сол заманның бейнелеу өнерімен тамырлас болады. Әр түрлі бейнеленген бұл суреттер көшпелі халқымыздың көркемдік талғамын көрсетеді [2].

Дүниеге келген әрбір жаналық сол күйінде қатып қалмайтынын ойға алсақ, ертедегі сурет жазуы да сол пайда болған күйінде қалып қойған жоқ, ол өмірге икемделіп өзгеріп, өрістей түсті. Біраз кейінірек замандағы өрнекті пішінмен оюланып салынған бейнелі суреттер пайда бола бастады. Ұлтымыздың өнердегі озық үлгілері ою-өрнекпен өлшенген. Қарапайым халқымыз қоршаған ортасынан нәр алып, көк әлем аспанын, су мен жерін, төрт түлік малын ою-өрнекке үлгі ете білген. Кең байтақ даламыздың өзі өнерге тұнып тұр емес пе, қазақтың әрбір тасында сурет, тауында құдірет барын қазақтың тума талант суретшісі Ә. Қастеев өнерді «Таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, апамның киізінен, ешкінің мүйізінен үйрендім», - деп, әзілдеген сөзінен-ақ байқауға болады.

Табиғат сонау бастан-ақ әсемдіктен құралған. Оның әрбір бөлігі қайталанбас керемет үйлесімділікпен қалыптасқан. Тек сол әсемдікті байқай білетін, сезе білетін жүрек керек. Ал, енді рухани деңгейі жоғары шебердің қолынан шыққан өнер туындысы адамдарға өте ыстық көрінеді. Өзінің ішкі күш-қуатымен көрермендерін сүйсіндіреді. Суретші тек табиғаттан үйренудің арқасында ғана шеберлікке жеткен.

Ал, рухани тоқыраудан шыға алмаған адам сомдаған өнер туындысы сырты көркем болғанымен, шын мәнінде тартымдылығы жоқ, бос дүние болмақ. Руханилықтың әсемдікпен байланысы осындай. Әсемдікті көре білген, сезе білген адам оны қоғамның рухани әлемін өз тарапынан толықтыра түседі. Сөйтіп, ол өз іс-әрекеті арқылы адамзат арасындағы сұлулықпен, үйлесімділікпен көмкерілген руханилықтың қалыптасуына, оның дамуына өз үлесін қосады [3].

Өнер бұл адамзаттың тіршілік етуімен қатар жасалынып, дамып келе жатқан ерекше тіл. Кез келген өзге тіл сияқты ол да ой мен сезімді жеткізу үшін, басқа ешқандай жолмен бере алмайтын адам тәжірибесін беру үшін жаратылған. Бейнелеу тілі арқылы ғылыми тілдің формуласына және логикалық дәлелдерге қисыны келмейтін мәліметтерді жеткізуге болады.

Қазіргі кезде Республикамыз егемен ел болып әлеуметтік-экономикалық саясатын жаңаша жүргізіп жатқан уақытта, алғашқы кезеңдерінен бастап-ақ мәдени салада үлкен өзгерістер байқалып, жаңа құндылықтар пайда болды. Тіпті, бұрынғы мен өнердегі жаңа құбылыстарға өзіндік көзқарастар қалыптаса бастады.

Қазақстан бейнелеу өнері – басқа елдермен салыстырғанда жас өнер. Сондықтан да оның теориялық және практикалық негіздерінде игерілмеген көптеген тың проблемалар баршылық. Міне осы қазіргі Қазақстан жағдайында өнер туындылары көрмелер мен музейлерге арналған

рухани ғана сұраныс болудан қалып, ол әрі тауар ретінде көпшілік пен жеке адамдардың материалдық құндылығына да айналған кезде, олардың мәдени деңгейін көтеру, талғамына әсер ету, сезімін тәрбиелеу бүгінгі күн талабы.

Осы міндеттерді шешу барысында еуропалық классикалық бейнелеу өнері мен дәстүрлі шығармашылыққа байланысты бейненің тұрақты нақыштық белгілерінің «модельдік теориясын» жасап, оның қазақ өнеріне жасаған сапалық өзгеріс белгілерін мойындай отырып, дәстүрлі өнер мен жаңа мәдениет арасындағы байқалған өзара ішкі қақтығыстарына, орын алған қайшылықтарына, оның кеңістік бойлығындағы тарихи эволюциялық дамуына объективті түрде баға беру, осы арқылы дәстүрлі өнердің табиғи сипатын сақтап қалу және Қазақстан бейнелеу өнері үшін «оптимальды» позицияны анықтау қазіргі таңдағы көкейкесті мәселе болып отыр.

Қазақстандық суретшілердің, шеберлердің, сәулетшілердің көркемдік проблемаларды шешу өндістерінен, образдық белгі ретінде ұсынылған идеяларынан, нақыштарынан, пластикалық түзілім шешімдерінен, бояу түсіне жасалған акценттерінен, баяндау тілі мен образдың жалпы сомдалу сипатынан және оның оқылу ерекшелігінен көрінетіндігі сөзсіз. Осылардың философиялық тұрғыдан теориялық және әдіснамалық негіздемелерін жасау қазіргі таңдағы актуальді мәселе болып табылады.

Бүгінгі күннің бейнелеу және мүсін өнері контекстік жағынан аса толықтырылған күрделі болып келеді, ол өз кезегінде қарапайым көрерменнің түсінбеуін тудырады. Бүгінгі күні суретшілер мектебінің қалыптасу сатысының алдыңғы кезеңіндегі тәжірибелерін толық түсіну болашақтың ісі. Түрлі түстер, композициялар, фактура немесе пластика көмегімен шығу көздері, жылдар бойы шыңдалған, әдеттегі құндылықтар мен түсінушіліктермен тығыз байланысқан, дүниенің құрылуы туралы ұлттық түсініктерді өнерде қалыптастыра, бейнелік шығармалар мен мүсіндік композицияларды қалпына келтіре отырып, суретшілер небір жиынтыққа, біртұтас жүйеге, шашырап қалған элементтер мен фрагменттерді жинайды деуге болады.

Осы процесс барысында шығармалардың нысандарымен атқарылатын жұмыстар да жедел қойылғанын атап өтуіміз керек. Әр алуан түрлі стильдер, тәсілдер, қолтанбалар бойынша қызмет атқаратын, сол бағыттарда тамаша туындыларды дүниеге әкелетін бейнелеушілер мен мүсіншілердің шығармаларында нысан рөлін әсемдік ерекшелік факторының күшеюі немесе күнделікті эстетикалық өлшемдерді жоққа шығару арқылы қарқындыру жүзеге асырылуда. Осы үрдіс ұлттық менталитетке қатысты жаңа суретшілер тілін қалыптастырумен тығыз байланысты болып отыр. Ол өзінің сыртқы стильдік көріністерінде айтарлықтай шартты, орташалау, рәміздік, метафоралық немесе тіпті ашықтан – ашық метафизикалық сипатқа ие

болды. Әрине біздің назарымыздағы басты мақсат бейнелеу өнерінің қазіргі кездегі көрінісі, оның өткені мен болашақтағы келбетіне болжам боларлықтай даму өзегін айқындау.

Осыған байланысты Қазақстан мәдениетінің алдында екі іргелі міндет тұр: қазақы мәдениеттің өзіндік келбетін сақтап қалу және көркемдік кеңістік пен уақыт ырғағында қалыптасқан тұрақты нақыштардың негізінде оның даму сапасына игі әсер ету.

Сондықтан біз уақытқа байланысты, оның өзгеріс сапасын дамытқанда Тас дәуіріндегі суреттік белгілерге көңіл бөлеміз. Ұлттық нақыштың тұрақтанып үлгіленуі осы кезден басталады. Одан кейін қазақ өнері үшін дәстүрлі мәдениет ретінде жалғасқан халықтық шығармашылық үлгілерінің ұлттық белгілері ғасырлар бойы жетіліп, XX ғасырдың басына дейін шындалып келді.

Қазіргі кездегі Қазақстан бейнелеу өнерінің сипаттық ерекшелігіне өзгеріс енгізіп, кәсіби өнердің жаңа сапалық белгілерін қалыптастырған өнер шындық бейне яғни реализмнің әдістемелік негіздері болды. Осының өзі айналып өтуге мүмкін болмайтын тарихымыз. Ол дәстүрлі халықтық сана сезімге сапалы өзгерістер жасап, нақыш пен сурет қатынасындағы жаңа қасиеттерді анықтады. Бұл бір ғана кеңістік ауқымында байқалған уақыт ырғағындағы өзгерістер еді. Дегенмен халық өнерін хронологиялық тәртіпке бағындыруға келе бермейтінін айтуымыз керек. Оның көркемдік тұрақты нақыштары қадым заманда қалыптасып, белгілі-бір әлеуметтік-саяси және мәдени жағдайлардағы өзгерістерге байланысты ол өнерде жаңа сапалы рендер пайда болып, кейін соны қырынан көрінуі мүмкін. Соған қарамастан бұтақтарын айналасына кең жайып, уақыт өткен сайын толығы түскен дінгек секілді ол бір тамырдан қоректенетіндігі даусыз.

Қазақтардың өткен кезеңдердегі рухани дүниесі ислам дінімен үйлесімін тауып, көркем кеңістіктік-уақыттық ырғақта болмысы түгел дерлік сақталып, семантикалық сипаты ғана ішінара өзгеріске ұшыраса, мұсылмандық мәдениет те тұтасымен алғанда халқымыздың санасына сапалы өзгерістер енгізіп, кейін жаңа тарихи жәдігерлердің қалыптасуына жағдай жасады. Бейненің тұрақты нақыш үлгілеріне өзіміздің тұрақты қатынасымыз жөнінде айтқанда, әрине, біз әр уақыт аралығындағы өнердің қайталанбас өз спецификасы болатынын ескереміз. Әлеуметтік, қоғамдық, ғылыми-техникалық жетістіктердің және басқа бөтен мәдениеттердің ықпалдарына байланысты бұрынғы дүниетанымдық көзқарастың өзгеріп, жаңа сананың қалыптасуы заңды процесс.

Қазіргі кезеңде әлеуметтік жағдайлар өзгеріске ұшырап, мәдени ақпараттық алмасулар мен өзара әсер қатынастарының күшейіп, өнер тек қана рухани сұраныс болудан қалып, ол тауар ретінде де жұмыс істей бастаған кезде және оған деген сұраныс критеріінің көпшілікке, жеке адамдарға, базар талғамына, көрмелер мен мұражайларға арналған түрлі талап-тілектерін

қанағаттандырып отырған шақта біздің бағалау критерилеріміз бейнелеу өнеріне ғана емес, дәстүрлі халықтық шығармашылыққа қалыптасқан көзқарасымыз өзгерді.

Дәстүрлі өнерге деген көзқарасты бағытталған позициялық қатынас анықтайтындай өзгерістер байқалды. Әлемнің өркениетті елдері біздің ғасырлар бойы шыңдалып, сұрыпталып, өзіндік келбеті қалыптасқан дәстүрлі шығармашылығымыздың көркемдік жүйесіне қызығушылық танытып, оны меңгеруге ұмтылған кезде, кеңес үкіметі тұсында халықтық өнер ескі мектептің қалдығы ретінде бағаланып, біз оған менсінбей қарағанның өзінде, қазақ өнеріне қатысты айтқанда, бейнелеу өнері мен халықтық өнер бір-бірінің қақтығысы мен өзара әсерінің негізінде дамыды деп тұжырымдауымызға болады. Қазақ өнерінің қазіргі жағдайын толығырақ түсініп, оның болашағына көз жүгірту үшін біз халықтық дәстүрлі өнер тудырған табиғи көркем заңдылықтарды да, әлемдік мұраны да, қазіргі таңда күнделікті өмір қойып отырған жаңа міндеттерді де назардан тыс қалдыра алмаймыз. Қазақ бейнелеу өнерінің құрылуы мен даму барысы белгілі қыл қалам шебері Әбілхан Қастеевтің (1904- 1973 жж.) есімімен тығыз байланысты. Оның еңбек жолы жиырмасыншы жылдардың соңынан басталады. Ә. Қастеевтің қолынан шыққан көптеген сулы бояулы және суреттер «Көне және жаңа тұрмыс» топтамасына біріктірілді. Әбілхан Қастеевтің майлы бояумен әр жылда жазылған бірнеше жұмыстары мысалға келтірілді (1, 2 суреттер).



Сурет 1: «Амангелді сарбаздары». 1970 ж.

Соғыс алдындағы жылдары Қазақстанда А. Ысмаилов, ағайынды Қожықовтар, Б. Сәрсенбаев, Ұ. Таңсықбаев және т. б. қыл қалам шеберлері болды. Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанда Украинаның, Белоруссияның, Мәскеу мен Ленинградтың суретшілері жұмыс істеп, Қазақстандағы бейнелеу өнерінің құлаш жазуына өзіндік үлестерін қосты.



Сурет 2: «Түрксіб». 1969 ж.

Орыс суретшілері қазақ халқының тұрмысы мен тыныс тіршілін бейнелеуге өзгеше бағыт беріп, үлкен әсерін тигізді. Қазақстанда түрлі экспедициялар құрамында болған Б. Смирнов, О. Федченко, П. Кошаровтар өз туындыларында халық өмірін суреттеуге тырысты. Әсіресе орыс суретшісі В. Верещагинді Орта мен Қазақстан тақырыбы өте қызықтырды.

Өзінің «Лепсі өлкесін қоршаған таулар» атты еңбегінде қазақ даласы керемет шеберлікпен суреттелген. Белгілі қыл қалам шебері Н. Хлудовта өзінің барлық туындыларын Қазақстан тақырыбына арнаған. Оның «Мал айдау», «Отынға барғанда» қазақ өлкесінің әсемдігін бейнелеген туындыларында үлкен сүйіспеншілік жатыр.

Қазіргі уақытта бұл өнерді бағалаушылар қазақстандық шеберлер А. Бренердің, Б. Шульцтың, А. Жұмаеваның, К. Ибрагимовтың, Ш. Ноғайбаевтың, Е. Нүсіповтың еңбектерін ерекше атап жүр.

Пайдаланған әдебиеттер

[1] <http://e-history.kz/kz/contents/view/1429>

[2] Қ. Болатбаев. Көкжиек және кеңістік. – Алматы, 2008. - 7-15 б.

[3] Ш.Ә. Ақбаева. Бейнелеу өнерінің оқыту әдістемесі. – Алматы, 2007.- 123 б.

[4] З. Айдарова. Мәдени тарихи даму үрдісіндегі өнердің орны//Бейнелеу өнері және сызу. – 2003.- №3. - 13-15 б.

[5] Б. Байжігітов. Бейнелеу өнерінің теориялық мәселелері. - Ақтөбе, 2003. - 6-30 б.

[6] Б.М. Неменский. Мудрость красоты. - М.: Просвещение, 2006. –234 с.

Автор (лар) ға ұсынымдар

- Мақала Word бағдарламасында терілген және электронды нұсқасымен, қағазға басылып өткізілуі тиіс (басқа қаладағы авторларға электронды нұсқасын өткізуге болады).
- Қарпі: мәтін үшін – Times New Roman – 12 кегль;
- Пішімі А4, беттің параметрлері: сол, оң, асты және үсті жағы – 2,5 см. Абзацтық шегіну – 0,75 см. Түзілу – ені бойынша; қатар аралық интервал – 1,5 қатар.
- Кестелер мен суреттерде нөмірлері көрсетілген толық атаулары көрсетілуі тиіс. Өлшем бірліктері СИ Халықаралық бірліктер жүйесіне сәйкес болу керек.
- Мақаланың жалпы көлемі кестелер мен суреттерді, қолданылған әдебиеттерді қосқанда 4-7 беттен кем болмауы керек.
- Бөлек қағазда автор (лар) туралы мәліметтер: аты-жөні толық, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны (мекеменің немесе ұйымның атауы), толық пошталық мекен-жайы, телефон нөмірі және e-mail.
- Журналда мақаланы жарыққа шығару мүмкіндігі туралы шешім мақалаға жазылған тәуелсіз ғалымдардың екі пікірі (рецензия) және редакция алқасының бір мүшесінің ұсынымы негізінде қабылданады. Пікір беруші мақаланың ғылыми бағытына сәйкес болу керек және жарияланатын мақаланың мазмұнына, яғни теориялық маңыздылығына, тәжірибелік құндылығына және жаңа екендігіне жауапты.
- Автор бір нөмірде 2 мақаладан артық жариялауға құқылы.

Recommendations

- An article (electronic version is sufficient for foreign authors) should be typed MS Word program and presented in electronic form with mandatory listing of the text.
- Font –Times New Roman -12 pt.
- Format A4, Margins: left, right - 2,5 cm; top, bottom - 2.5 cm; Paragraph - 0.75 cm. Line spacing - 1.5.
- The tables and illustrations with their numbers and names should be given in full, the unit labeling in accordance with the International System of Units SI.
- The total volume of articles, including tables, illustrations and references of at least 4-7 pages.
- Information about the author: name, academic degree and title, place of work and position, full mailing address, telephone number, e-mail should be given on a separate sheet.
- The conclusion about the possibility of the publication of articles in the journal shall be based on two independent scientists review and recommendation by a member of the editorial board. The reviewer must comply with the scientific direction of the article and is responsible for the content of the published article, i.e., of theoretical significance, practical value of the novelty article recommender.
- The author can publish no more than two articles in the same issue.

Рекомендации авторам

- Статья должна быть набрана в программе Word и представлена в электронном варианте с обязательной распечаткой текста (для иногородних авторов достаточен электронный вариант).
- Шрифт: для текстов – Times New Roman – 12 кегль;
- Формат А4, поля : левое, правое – 2,5 см, верхнее, нижнее – 2,5 см. Абзацный отступ – 0,75 см. Выравнивание – по ширине; Междустрочный интервал – 1,5 строки.
- В таблицах и иллюстрациях с указанием их номеров все наименования следует давать полностью, единицы измерений обозначать в соответствии с Международной системой единиц СИ.
- Общий объем статьи, включая таблицы, иллюстрации и список литературы не менее 4 – 7 страниц.
- На отдельном листке следует привести сведения об авторе (-ах): Ф.И.О., ученая степень и звание, место работы и должность, полный почтовый адрес, номер телефона, e-mail.
- Заключение о возможности публикации статей в журнале выносится на основании 2 рецензии независимых ученых и рекомендации одного из членов редколлегии журнала. Рецензент должен соответствовать научному направлению статьи и несет ответственность за содержание публикуемой статьи, т.е. за теоретическую значимость, практическую ценность и новизну рекомендуемой статьи.
- Автор имеет право на публикацию в одном номере не более 2-х статей.

Мақаланың құрылымы

- ОӘЖ (Әмбебап ондық жіктеу саны) – сол жақ жоғарғы бұрышында.
- Автор (- лар) туралы ақпарат – аты-жөні толық, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны (мекеменің немесе ұйымның атауы); елдің атауы (жақын және алыс шетелдегі авторлар үшін).
- Мақаланың атауы.
- Жарияланатын мақаланың андатпасы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде болу керек. Андатпаның көлемі 5-6 сөйлем немесе 500 баспа белгілері (мәтін 1/3 бет).
- Кілт сөздері 10 сөзден аспау керек.
- Мақаланың мәтіндік бөлігі. Мақаланың мәтінде көрсетілуі тиіс: мәселенің тұжырымы; мәселенің зерттеулерін талдау; зерттеудің мақсаты мен міндеттері; материалды таныстыру және ғылыми зерттеулер нәтижелерін тұжырымдау; қорытындысы.
- Қолданылған әдебиет.

Structure of the article

- UDC (Universal Decimal classification number) – placed in the upper left corner.
- Information about authors - full name, title, academic degree, position, place of work (name of institution or organization); name of the country (for foreign authors).
- Article title
- Abstract published in Kazakh, Russian and English languages. The volume of abstract is 5-6 sentences or 500 words (1/3 page of text).
- Keywords are not more than ten words.
- The text of the article should be reported: formulation of the problem, the analysis of the research problem, the goal and objectives, the presentation of material and the study received research results conclusions.
- References.

Структура статьи

- УДК (универсальный десятичный классификационный индекс) – в левом верхнем углу.
- Сведения об авторе (авторах) – ФИО полностью, ученое звание, ученая степень, должность, место работы (наименование учреждения или организации); наименование страны (для авторов ближнего и дальнего зарубежья).
- Название статьи.
- Аннотация публикуемой статьи на государственном, русском и английском языках. Объем аннотации 5-6 предложения или 500 печатных знаков (1/3 страница текста).
- Ключевые слова не более 10 слов.
- Текстовая часть статьи. В тексте статьи должны отражаться: постановка задачи; анализ исследований проблемы; цель и задачи исследований; изложение материала и обоснования полученных результатов исследований; выводы.
- Использованная литература.

Инженерлік графика және кәсіби білім проблемалары

Problems of engineering graphic and professional education

Проблемы инженерной графики и профессионального образования

№ 3 (36)

Мазмұны

Contents Содержание

А.А. Жұмабаев	Құбырдың қирау жылдамдығына жұмыс пен геометриялық параметрлердің және құбыр болатының механикалық қасиеттерінің әсері	3
К.М. Нағымжанова А.К. Шонова	Мектеп оқушылардың білім алуудағы жетістікке жетелеудің жолдары	7
Т.К. Самуратова А.Н. Шибучикова	Влияние упаковки на решение покупателя	11
К.М. Нағымжанова А. Алданаш	Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқытуда қолданудың тиімділігі	17
Т.Х. Ордашев	Формирование пространственных представлений через восприятия, материальных моделей геометрических образов	25
Г.Д. Кусаинова Н.Б. Танат	Көпір өткелдерінің құрылысы кезінде жасалатын бөлу жұмыстарын орындауда заманауи технологияларды қолдану	29
Ш.М. Түсіпбекова	Қазақстан бейнелеу өнері	35
S.S.Mamesh L.Ye.Bekzhigitova	Methods for constructing complex software systems based on software technology convergence: Web-Service Semantic, Web-Service and Agente, Multi-Agente	41
Н.М. Миржан	Темір жол құрылысына қолданатын геотекстиль материалдардың ерекшеліктері	47
Р. Рахимов	Перспективы применения самонесущих изолированных проводов для сетей 10-0,4 кВ в Республике Казахстан	51

ISSN 2220 - 685X



Научно-педагогический журнал
«Проблемы инженерной графики и профессионального образования»
№ 3 (36), Астана: ЕНУ. 2016. - 58 с.
Тираж - 150 экз. Заказ - 3

За содержание статьи ответственность несет автор

Отпечатано в типографии ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Жауапты редактор
т.ғ.к., доцент М. Маханов

Техникалық редактор
Г.Қ. Тулеуова

Редакцияның мекен-жайы:

010000, Қазақстан Республикасы, Астана
қ., Қажымұқан көш., 13,
Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, №1 ОЗҒ (СҚФ),
505-бөлме.
Тел.: 8 (7172) 70-95-00
(ішкі. 33 506)

Contributing editor
PhD, associate professor M. Makhanov

Technical editor
G. Tuleuova

Editorial address:

010000, Republic of Kazakhstan,
Astana, st. Kazhymukan, 13,
ENU. L. Gumilyov, ULC №1 body (ASF),
505 cabinet.
Tel. : 8 (7172) 70-95-00
(ext. 33506)

Ответственный редактор
к.т.н., доцент М. Маханов

Технический редактор
Г.К. Тулеуова

Адрес редакции:

010000, Республика Казахстан,
г. Астана, ул. Қажымұқан, 13,
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, корпус УЛК №1
(АСФ), 505-кабинет.
Тел.: 8 (7172) 70-95-00
(вн. 33 506)

web сайт: <http://apggkrk.kz>

e-mail: journal.enu@gmail.com

ISSN 2220 – 685X

